

8D10141 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алуға ұсынылған «Қазіргі кезеңдегі жүйелі вакулилттер:  
клиникалық-зертханалық сипаттама және науқастардың жүргізу стратегиясын  
оңтайландыру» диссертациялық жұмысын орындаған ізденуші

**АУАНАСОВА АКЕРКЕ ТУРЕБЕКОВНАҒА**

ғылыми көңесшінің

**ПІКІРІ**

Докторант А.Т. Ауанасованаң диссертациялық жұмысы ревматологияның өзекті пәнаралық мәселелерінің бірі аутоиммунды жүйелі вакулилттерді зерттеуге арналған. Жүйелі вакулилттер (ЖВ) диагностикасы клиникалық корінісінің күрделілігіне және аурудың сирек кездесетіндігіне байланысты күрделі мәселе болып табылады. ЖВ максатты мүшелердің/ағзалардың закымдалуына, мүгедектікке, олімге, сонымен катар каржылық шығындардың артуына алып келетін, сәйкесінше, науқастың өмір сүру сапасының нашарлауына себеп болатын күрделі аурулар тобы. Аталған ауру тобын уақытылы диагностикалауға және науқастардың өмір сүру болжамын жақсартуға қатысты алғашкы буын дәрігерлерінің, кең бейінді дәрігерлердің және ревматологтардың хабардарлығы мен сауаттылығын арттыру ерекше маңызға ие. Осылайша, диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі деңсаулық сактаудың өзекті мәселелерін көрсететін бірнеше факторлармен түсіндірледі.

Ізденушінің зерттеу мақсаты науқастардың клиникалық-зертханалық деректерін ескере отырып, қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасында ЖВ науқастарын жүргізу тактикасын оңтайландыру болып табылады. Сонымен катар ізденушімен келесі зерттеу міндеттері тұжырымдалды: ЖВ бойынша 2019, 2020, 2021 жылдардагы ЖВ науқастарының демографиялық, клиникалық-анамнестикалық ерекшеліктерін зерттеу, КР және шет елдердегі деңсаулық сактау саласы мамандарының ЖВ қатысты білімі мен түсініктерін бағалау, SARS-CoV-2 инфекциясы мен екпеден (вакцинациядан) кейін алғаш рет пайда болған ЖВ талдау, ЖВ жүргізу стратегиясын оңтайландыру үшін ұсыныстар азірлеу.

Докторанттың зерттеу әдістерін таңдауы толығымен негізделген және қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Атап айтқанда, диссертациялық зерттеу жұмысы әдебиеттерді іздеудің сауатты стратегияларын колдануды қамтитын әдіstemеге, ретроспективті зерттеуге, бірқатар клиникалық жағдайларды зерттеуге (әлемдік тәжірибеде және Қазақстан Республикасында ЖВ клиникалық жағдайларын зерттеу) және бір мезетті колдененең зерттеуге (cross- sectional study) (деңсаулық сактау саласының мамандары арасында онлайн-саулама жүргізу) негізделген.

Зерттеу нәтижелері COVID-19 инфекциясы мен COVID-19 вакциналары бастапқы вакулилт фенотиптеріне ұқсас ЖВ тудыруы мүмкін екенін көрсетті.



ЖВ диагностикасының кешігінен әкелетін факторларды бағалау барысында ЖВ деңгейінің салыстырмалы түрде төмен болуы және алғашқы буын дәрігерлерінің жеткілікіз хабардар болуы, ЖВ клиникалық белгілерінің біркелкі еместігі диагностиканың кешігінен болжайды. Жалпы тәжірибелі дәрігерлердің, терапевтердің, сонымен қатар кең бейнді дәрігерлердің хабардарлығын арттыру, науқастардың ревматологиялық комекке уакытылы кол жеткізуіне, ЖВ асерінен болатын закымданулардың азауына, омір сұру сапасының жақсаруына әкелетін уакытылы емдеудің басталуын қамтамасыз етеді. ЖВ науқастарының демографиялық, клиникалық-анамнестикалық ерекшеліктерін ретроспективті зерттеу науқастарда қант диабеті, темір тапшылығы анемиясы, жүректің ишиемиялық ауруы, arteriалды гипертония және ақсазан-ішек жолдарының аурулары сиякты коморбидті аурулары бар екендігін көрсетті. Зерттелген популяцияда науқастардың 3/1-де мүгедектік анықталды, басым болігінде II топ мүгедектік.

Бір мезетті көлденең зерттеу (онлайн-сауалнама) нәтижесінде деңсаулық сактау саласының мамандары арасында АНЦА-мен байланысты васкулиттерге катысты диагностика мен науқастарды жүргізуде гетерогенділік анықталды. COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде науқастарды жүргізіле катысты ортак консенсус жоқ екендігі анықталды.

«COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен кейін ЖВ басқару бойынша ұсыныстар» азірленді. Әдістемелік ұсыныстар аутоиммунды ревматологиялық аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ медициналық жогары оқу орындарының студенттері мен резиденттеріне нұськаулық ретінде азірленді.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша ізденушімен 2 авторлық куәлік алынды: «COVID-19 кезіндегі және COVID-19 екпесінен кейінгі жүйелі васкулиттерді басқару бойынша ұсыныстар» (№39155); «Дәрігерлердің COVID-19 кезінде антинейтрофилді цитоплазмалық антиденелермен байланысты васкулиттерді (ANCA) (AAV) баскаруды бойынша түсініктерін бағалауга арналған сауалнама» (№38061). Сонымен қатар аталған жұмыстар медициналық ұйымдардың және оқу орындарының клиникалық және оқу-әдістемелік жұмыстарына енгізілді.

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында ізденуші **15 баспа жұмысын** жариялады. Оның ішінде **Scopus citescore** акпараттық базасында ағылшын тіліндегі **6 макала** жариялады:

1. Original article (түпнұсқа макала) «Physicians' perceptions of antineutrophil cytoplasmic antibody-associated vasculitis: an online survey report in the time of the COVID-19 pandemic», «Clinical Rheumatology» журналы (Ұлыбритания, Scopus деректер базасы бойынша: квартиль (Q) 2, процентиль 70; JCR (Web of Science) бойынша квартиль (Q) 3);

2. Original article (түпнұсқа макала) «The impact of the COVID-19 pandemic on patients with systemic vasculitis: a single-centre retrospective study» «Rheumatology International» журналы (Германия, Scopus деректер базасы бойынша: квартиль (Q) 2, процентиль 71; JCR (Web of Science) бойынша квартиль (Q) 2);
3. Review article (әдеби шолу) «New-onset systemic vasculitis following SARS-CoV-2 infection and vaccination: the trigger, phenotype, and outcome», «Clinical Rheumatology» журналы (Ұлыбритания, Scopus деректер базасы бойынша: квартиль (Q) 2, процентиль 70; JCR (Web of Science) бойынша квартиль (Q) 3);
4. Original article (түпнұсқа макала) «Clinical and anamnestic features of patients with systemic vasculitis: a single-centre retrospective study» «Rheumatology International» журналы (Германия, Scopus деректер базасы бойынша: квартиль (Q) 2, процентиль 71; JCR (Web of Science) бойынша квартиль (Q) 2);
5. Review article (әдеби шолу) «Diagnostic delays in systemic vasculitis: The causes, implications and outcome» «Rheumatology International» журналы (Германия, Scopus деректер базасы бойынша: квартиль (Q) 2, процентиль 71; JCR (Web of Science) бойынша квартиль (Q) 2);
6. Case-based review (клиникалық жағдайға негізделген әдеби шолу) «SARS-CoV-2 as a trigger of IgA vasculitis: a clinical case and literature review» «Rheumatology International» журналы (Германия, Scopus деректер базасы бойынша: квартиль (Q) 2, процентиль 71; JCR (Web of Science) бойынша квартиль (Q) 2);

және

Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспалар тізіміне енген

Review article (әдеби шолу) «Systemic vasculitis in Kazakhstan: a complex research approach» «Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics» (CAJMHE) журналы (Қазақстан Республикасы, БГСБК ұсынған ғылыми баспалар тізімі).

Сондай-ак ізденушімен халықаралық конференция материалдарында **8 жарияланым** (Қазақстан Республикасы, Жапония, Польша, Өзбекстан) жарияланды.

Докторант А.Т. Ауанасованың диссертациялық жұмысының мазмұны тұтастық пен ішкі бірлікке ие. Зерттеу кезеңінде жарияланған барлық

мақалаларда бір-бірмен логикалық байланыс орнатылған. Ғылыми мақалаларда озекті ақпарат, кен библиографиялық тізім және дұрыс құрастырылған кестелер мен суреттер бар. Ғылыми мақалалардың мазмұны зерттеудің жарияланған тақырыбына толық сәйкес келеді және зерттеу максаты мен міндеттеріне толығымен жауап береді.

Іздешіл ғылыми міндеттерді орындауда дербестік пен бастамашылықтың жоғары деңгейін көрсетті. Іздешіл зерттелетін мәселе тақырыбы бойынша жарияланған барлық дереккөздерге өз бетінше талдау жүргізіп, әдеби шолу жасады. Зерттеу максаты мен міндеттерін дұрыс коя отырып, зерттеу дизайны мен методологиясын да аныктай білді. Аурухана базаларынан деректерді жинап, ондеп және талдап, ғылыми інтижелерге кол жеткізді. Алынған зерттеу інтижелері бойынша ғылыми тұжырымдар шығарып, тәжірибелі ұсыныстарды дайындады. Зерттеу барысында ревматологтарға және деңсаулық сактау саласының басқа да мамандарына арналған халықаралық сауалнаманы құрастыруға, енгізуге, таратуға қатысты. Сондай-ақ, докторант «COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен кейін ЖВ жүргізу бойынша ұсыныстар» әзірледі. Жарияланған мақалалардың абсолютті коншлілігінде докторант бірінші автор және корреспондент автор болып табылады.

А.Т. Ауанасовың докторантуралық жағында Scopus деректер базасына сәйкес Хирш индексі- 2, ал жоғарыда аталған мақалалардың citations саны 20-дан аса. Бұл іздешілінің жұмысымен халықаралық ғылыми көғамдастықтардың қызығушылығының бірден бір көрсеткіші деп сеніммен айта аламын.

2021 жылдан бастап докторант А.Т. Ауанасова халықаралық рецензияланатын журналдардың тұркты рецензенті болып табылады: «Clinical Rheumatology», «Rheumatology International», «Journal of Korean Medical Science», «Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics (CAJMHE)». Сондай-ақ «Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics (CAJMHE)» және Scopus дереккөрінен енген импакт-факторы жоғары Journal of Clinical rheumatology журналдарының редакциялық алқасының курамына еніп, «Social Media Advisor» қызметін аткарып келеді.

А.Т. Ауанасова докторантуралық жағында зерттеу жұмыстарын халықаралық конференцияларды баяндады. Атап айтқанда, Жапонияда өткен JCR 2024 (Japan College of Rheumatology) конгресінде «Travel support grant» женимпаз атанип, баяндама жасауга спикер ретінде шақырылды.

Докторант озінің қызметі мен окуы барысында ЖОО өткізілетін түрлі іс-шараларға белсенді катысып, озін сауатты, біліктілігі жоғары маман ретінде көрсетті. Диссертациямен жұмыс жасау барысында А.Т. Ауанасова озін зерттеудің максаты мен міндеттерін накты аныктай алатын, қол жеткізген інтижелерге дұрыс талдау жасай алатын адал, еңбеккор, жан-жақты ойлау қабілеті бар, білікті зерттеуші ретінде көрсете білді. А.Т. Ауанасовының



ғылыми кеңесшісі ретінде ізденушінің диссертациялық жұмысын толығымен аяқтагағын, сонымен бірге алға койылған міндеттерді орындаپ, зерттеу максатына қол жеткізгенін растаймын.

Корытындылай келе, АУАНАСОВА АКЕРКЕ ТУРЕБЕКОВНАНЫҢ философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазіргі кезеңдегі жүйелі вакуумиттер: клиникалық-зертханалық сипаттама және науқастарды жүргізу стратегиясын онтайландыру» атты диссертациялық жұмысы дербес аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады деп сеніммен айта алымын.

Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер жаңа, тәжірибелі деңсаулық сактау саласы үшін және деңсаулық сактау саласының мамандарына білімін жетілдіруде манызды. АУАНАСОВА АКЕРКЕ ТУРЕБЕКОВНАНЫҢ ғылыми жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға койылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді, докторант 8D10141 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ғылыми кеңесшісі  
м.ғ.к, профессор



М. С.

Есиркепов М.М.

ҚҰЖАТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙРЫНДАЙМАН  
ОНДҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ

С.